

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қазан айы 2024 жыл 4апта

Білім беру ұйымы: №15 «Әлия» бөбекжайы

Топ: №6 «Жасұлан» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 -жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 21.10-24.10.2024жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі 21.10.2024ж	Сейсенбі 22.10.2024ж	Сәрсенбі 23.10.2024ж	Бейсенбі 24.10.2024ж	Жұма 25.10.2024ж
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу	Бір-бірімізге қол беріп Айтамыз жақсы сөз жөн көріп Қалмаймыз тек іркіле Сыйлаймыз жыл күлкі	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу	Үш түрлі смайликпен қарсы алу	Демалыс
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтынын жайлы әңгімелесу	
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Күзде табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап,ажырату және атауларын атап көрсетуге; себеп-салдар байланысын анықтауға үйрету,тәжірибеалдық жұмысқа деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін шыңдау. Экологиялық тәрбие	Қазақтың сәндік қолданбалы өнер бұйымдарын атауға үйрету. Ұлттық ою-өрнек элементтерін пайдаланып,сырмақтың үстіне оюды жиектеп бастырып бояту.Бір тұтас тәрбие	«Кеңістік» Міндеті: балаларды кеңістікті бағдарлауға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, зейін процесстерін дамыту. Математика негіздері Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет	«Саңырауқұлақтар» Міндеті: Балаларға саңырауқұлақтар туралы түсінік беру. Міндеті: Саңырауқұлақтарды мүсіндеуге үйрету. Саусақ моторикасын дамыту. Мүсіндеу Қазақ тілі	
Таңертеңгі	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені №5(құралмен)				

жаттығу					
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қаралайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Бір тұтас тәрбие				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Өзінің педагогтерін, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу.	Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтауды. Жол белгілері тротуар, велосипед, электросамостатқа арналған жолды білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту қағидаларын меңгерту.	Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылауды, талдауды, салыстыруды, ажыратуды үйрету.	Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атауды және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажыратуын дамыту	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Күзгі жапырақтар. Қ. Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар» өлеңінің мазмұнын түсіндіру арқылы күз мезгілін сипаттап айтуда үйрету. Сұрақтарға жауап бергізу арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту. Балаларды еңбексүйгіштікке, еңбек етуге тәрбиелеу. Сауат ашу негіздері Тақырып: Үнді дауыссыз дыбыстар	Көркем әдебиет Тақырып: Мақта қыз бен мысық (қазақ халық ертегісі) Ертегі мазмұнын эмоциялық, бейнелі қабылдауға, баяндауда бейнелеуші сөздерді қолдануға, ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау арқылы қисынды мазмұндауға үйрету. Ертегі мазмұнында қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және ойлау қабілеттерін дамыту. Адал дос болуға тәрбиелеу Сауат ашу	Математика негіздері Тақырып: Шартты өлшеуішті пайдаланып заттарды ұзындығы бойынша салыстыру Шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныстыру; шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету, әртүрлі ұзындықтағы, биіктіктегі заттар арасындағы өлшемдік қатынастарды орнату. Шыдамдылыққа	Қазақ тілі Тақырып: Мен және менің достарым Қазақ тіліндегі сөздері дұрыс айтуда және оларды қолдана білуге үйрету, достық туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету Көркем әдебиет Тақырып: Әдептілік әлемі (өлең оқу) Е.Өтетілеуұлы Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқу, өлең	

Үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратуға үйрету. Үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату. Бастаған істі тиянақты аяқтай білуге, еңбеккорлыққа тәрбиелеу Дене шынықтыру Тақырып: Командалық эстафеталар (таза ауада) Өз денсаулығын сақтау құндылығын арттыру мен спортпен шұғылдануға қызығушықты қалыптастыру. Салауаттылыққа, коммуникативтік құзыреттілікке тәрбиелеу. Шығармашылық: «Құрастыру» Тақырып: Көңілді автобус Қатырғыкагазды ортасынан қос бүктеу тәсілі арқылы автобусты құрастыруға үйрету; автобустың ұсақ бөлшектерін үлгіге сәйкес қиып дайындау, сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту; құрылымдық шешімдер	Тақырып: Үнді дауыссыз дыбыстар Үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратуға үйрету. Үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату. Бастаған істі тиянақты аяқтай білуге, еңбеккорлыққа тәрбиелеу Дене шынықтыру Тақырып: Ерекше сабақтар. Коммуникативті құзыреттіліктерін, ептілік және шапшаңдықтарын дамыту. Шапшаңдық, ептілік, тәртіптілік, жинақылық секілді дене сапаларын дамыту. Қоршаған ортамен танысу Тақырып: Терезе алдында не өсіп тұр? Балаларды жаңа бөлме өсімдіктерімен таныстыру. ә) Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстырып, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту.	тәрбиелеу. Сауат ашу негіздері Тақырып: Үнді дауыссыз дыбыстар Үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратуға үйрету. Үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату. Бастаған істі тиянақты аяқтай білуге, еңбеккорлыққа тәрбиелеу Дене шынықтыру Тақырып: Акробат болғым келеді. Шапшаңдық, ептілік, тәртіптілік, жинақылық секілді дене сапаларын дамыту. Сала-уатты өмір сүруге баулу. Өздерінің денсаулықтарына қамқорлықпен қарауға дағд/дыру Сөйлеуді дамыту Тақырып: Күзгі жапырақтар. Қ.Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар» өлеңінің мазмұнын түсіндіру арқылы күз мезгілін сипаттап айтуда үйрету.	мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге үйрету. Сурет бойынша әңгіме құрастыртуда сю-жеттің бірізділігін сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Әдептілікке, кішіпейілділікке, сыпайылыққа тәрбиелеу Математика негіздері Тақырып: Шартты өлшеуішті пайдаланып заттарды ұзындығы бойынша салыстыру Шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныстыру: шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету. әртүрлі ұзындықтағы, биіктіктегі заттар арасындағы өлшемдік қатынастарды орнату. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. Музыка Тақырып: Біздің
---	--	--	---

Вариативтік бөлім (балалардың қызығушылығына арналған ұйымдастырылған іс-әрекет) Сағат 16:00	таба білуге, ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. Вариативтік бөлім «Сана да, саналы ойла» Балаларды шапшаң ойлауға, тапқырлыққа тәрбиелеу. Заттарды салыстыру және талдау кезектілігін жүзеге асыру ептілігін қалыптастыру	б) Зерттеушілік мінез-құлық пен жаңаны танысам деген құлшынысын дамыту	Сұрақтарға жауап бергізу арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту. Балаларды еңбексүйгіштікке, еңбек етуге тәрбиелеу	рәміздер Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру. Қазақтың ұлттық аспабы-ның дыбысталуымен таныстыру. Еліміздің рәміздерін қастерлей, бағалай білуге тәрбиелеу. Вариативтік бөлім «Кім жылдам» Балаларды жылдам ойлау, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін арттыру.	
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту				
Серуен	Картотека № 36 Бақылау. Ағаштарды бақылау. Такпак оқу. «Табиғаттың тұмары» (О. Әбділдаұлы) Адамзатқа пайдалы	Картотека № 37 Бақылау. Ағаштарды бақылау. Такпак оқу. «Табиғаттың тұмары» (О. Әбділдаұлы) Адамзатқа пайдалы	Картотека № 38 Бақылау: Талды бақылау. Мақсаты: Жапырағының пішіні, дінінің түсі бойынша – басқа ағаштардан ажырата білу.	Картотека № 39 Бақылау: Саябаққа саяхат. Такпак оқу. «Табиғаттың тұмары» (О. Әбділдаұлы) Құс базары қайнаған	

Тазалықтың айғағы Табиғаттың көрмесі Қалың ағаш көрмесі. Неліктен ағаштарды пайдалы дейміз? Қандай ағаш түрлерін білесіңдер? Ағаштарды не үшін өсіреді? Максаты: Өсіп тұрған ағаштарды бақылап, олардың бір – бірінен айырмашылығын байқау. Әдемілігін сезіну. Қимылды ойын: «Ағашты тап», «Аталған ағашқа кім бірінші барады» Максаты: Тапқырлыққа, жылдамдыққа, кеңістікті бағдарлауға үйрету. Еңбек: Әр түрлі ағаш бұтақтарын, жапырақтарын жинау. Максаты: Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ұқыптылыққа баулу, өз аулаларын таза ұстауға үйрету. Ізденімпаздыққа үйрету. Жеке жұмыс: 3 – 4 балаға биік – аласа, жуан – жіңішке, үлкен – кіші ұғымын ағаштар бойынша тапқызу. Максаты: Ретімен санау және салыстыруға үйрету.	Тазалықтың айғағы Табиғаттың көрмесі Қалың ағаш көрмесі. Неліктен ағаштарды пайдалы дейміз? Қандай ағаш түрлерін білесіңдер? Ағаштарды не үшін өсіреді? Максаты: Өсіп тұрған ағаштарды бақылап, олардың бір – бірінен айырмашылығын байқау. Әдемілігін сезіну. Қимылды ойын: «Ағашты тап», «Аталған ағашқа кім бірінші барады» Максаты: Тапқырлыққа, жылдамдыққа, кеңістікті бағдарлауға үйрету. Еңбек: Әр түрлі ағаш бұтақтарын, жапырақтарын жинау. Максаты: Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ұқыптылыққа баулу, өз аулаларын таза ұстауға үйрету. Ізденімпаздыққа үйрету. Жеке жұмыс: 3 – 4 балаға биік – аласа, жуан – жіңішке, үлкен – кіші ұғымын ағаштар бойынша тапқызу. Максаты: Ретімен санау және салыстыруға үйрету. Дербес ойындар: Құммен ойын.	Сұрақтар: талдың сыртқы бейнесі қандай? Көбінесе қайда өседі? Адамға қандай пайдасы бар? Жеке жұмыс: Мақал айту: Бір тал кессен, он тал ек. Еңбек: Құмға су құю. Қимылды ойын: «Аюда қонақта» (белгі бергенде жүгіру) «Аттар» (атша секіру)	Көк жапырақ қайнаған Орман – тоғай тамаша Тұнық ауа айналған. Адамдар не үшін саябаққа демалуға келеді? Қандай пайдасы бар? Әдемілігін қалай сақтауға болады? Максаты: Саябақтың әдемілігін адам денсаулығына пайдасын түсіне білу. Жаз мезгіліндегі ағаштардың әдемілігін сезіну. Қимылды ойын: «Кім жылдам», «Допты жалғастыр» Максаты: Тапқырлыққа, жылдамдыққа, бірлесіп ойнауға үйрету. Еңбек: Парктегі зат қалдықтарын жинап, бір жерге жинастыру. Максаты: Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Ұқыптылыққа баулу. Жеке жұмыс: Ойша жұмбақтар құрату. Күн, бұлт, жел, ауа туралы. Максаты: Ойлау қабілеттерін жетілдіру. Дербес ойындар: спорт құралдарымен ойын. Максаты: Бір – бірімен
--	---	--	---

	Дербес ойындар: Құммен ойын. Максаты: Бір – бірімен келісіп, тату ойнауға баулу.	Максаты: Бір – бірімен келісіп, тату ойнауға баулу.		келісіп, тату ойнауға баулу.	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын таңу дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суга қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету)				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және	Қағазды бүктеу арқылы құс жасау. (Танымдық іс-әрекеті) Жасаған құстарын сәндеу, әр түрлі бояулармен (Бейнелеу іс-әрекеті) Құстың мүсінін ермексаздан жасау (Шығармашылық іс-әрекеті)	Заттың кеңістікте орналасуын үйрету. Оң, сол, алға, артқа, жоғары, төмен ұғымдарын дидактикалық ойын карточкаларын ойнату. (Танымдық іс-әрекеті) Топтағы құстардың	Топтағы кітаптарға қарап, ішіндегі суреттері бойынша әр түрлі жиындар жасау. (Танымдық іс-әрекеті) Құстардың қорегі, суретін салу. Ермексаздан дәндер жасау, қағаздардан түйіршік жасау. (Шығармашылық іс-	Аққу торғай, қарлығаш үлкен кіші екенін ажырату, салыстыру. (зерттеу, танымдық іс-әрекет) Барлық ертегі кейіпкерлері сыйатын достық үйін құрастыру құрылыс материалдарынан құрастыру. (Танымдық,	Апта бойы жасалған іс әрекеттерді естеріне түсіріп, ерекше әсер алған сәттермен бөлісу. Жаңа сөздерді пысықтау (Қарым-қатынас іс-әрекеті) Құстардың қысқы тіршілігі туралы фильм тамашалау.

тағы басқа әрекеттер)		суреттерін тамашалау, қимылдарын жасап ұшу. Пазлдармен, бестемшемен еркін ойындар. (Танымдық, зерттеу іс-әрекеті)	әрекеті)	іс-әрекеті) «Қарлығаш пен дәуіт» ертегісін сахналау. (Қарым-қатынас іс-әрекеті)	Балабақшадағы құстармен ауладағы құстардың тіршілігіне бақылау жасау. Өзіндік тұжырымдамалар айта білуін жетілдіру. (Танымдық, зерттеу іс-әрекеті)
Балалармен жеке жұмыс	Балаларға әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен тоқтамай жүгіруге дағдыландыру	Балаларға 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды үйрету	Абдуллаға заттардың пішіндерін өз еркімен анықтай алуға көмектесу	Шапағатқа түстерді өз қалауы бойынша таңдай алуға көмектесу	Балаларды еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде жақсы нәтижеге жетуге ұмтылдыру.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Картотека №36	Картотека №37	Картотека №38	Картотека №39	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Кешкі ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен балалардың сүйікті ойыншығы туралы әңгімелесу	Ата-анасының қандай ойыншықпен ойнағанын баласына айтып беруін сұрау.	Баласының жасап жатқан ойыншығына көмектесуін сұрау.	Ата-анасымен ұлттық ойындарды ойнауын ұйымдастыру	Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында әңгімелесу.

«Тексерілді»

№15 «Әлия» бөбекжайы

МККК әдіскері

У.Г.Нурмухамметова

« 18 » 10. 2024ж